

## Инвестициялық қордың активтерін Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде инвестициялау ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 21 тамыздағы N 258 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 5 қазанда тіркелді. Тіркеу N 3131. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 ақпандағы № 60 қаулысымен.

**Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.02.24 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

"Инвестициялық қорлар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабының 4-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы қаулы етеді:

1. Инвестициялық қордың активтерін Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде инвестициялау ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа е н е д і .

3. Стратегия және талдау департаменті (Еденбаев Е.С.):

1) Заң департаментімен (Байсынов М.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу ш а р а л а р ы н қ о л ғ а а л с ы н ;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде оны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" Заңды тұлғалардың бірлестігіне, "Активтерді басқарушылар қауымдастығы" Заңды тұлғалардың бірлестігіне, инвестициялық портфельді басқарушыларға жіберсін.

4. Агенттіктің қызметін қамтамасыз ету департаменті (Несіпбаев Р.Р.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау ш а р а л а р ы н қ о л ғ а а л с ы н .

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының орынбасары Е. Бахмутоваға жүктелсін.

*Төраға*

Қазақстан Республикасының  
Қаржы нарығын және қаржы  
ұйымдарын реттеу мен  
қадағалау жөніндегі агенттігі  
Басқармасының "Инвестициялық  
қордың активтерін Қазақстан  
Республикасынан тыс жерлерде  
инвестициялау ережесін бекіту  
туралы" 2004 жылғы 21 тамыздағы  
N 258 қаулысымен бекітілген

## **Инвестициялық қордың активтерін Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде инвестициялау ережесі**

1. Осы Ереже Инвестициялық қордың активтерін Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде инвестициялау талаптары мен тәртібін белгілейді.

2. Инвестициялық қордың басқарушы компаниясы инвестициялық қордың активтерін Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде дербес немесе "Инвестициялық қорлар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабы 7-тармағының әрі 41-баптың талаптарына және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарына сәйкес үшінші тұлғалардың қызметтерін пайдалана отырып инвестициялайды.

3. Инвестициялық қордың активтері Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде мүліктің мынадай түрлеріне инвестицияланады:

1) Халықаралық валюталық қор Жарғысының 8-бабына қосылатын елдердің ш е т е л в а л ю т а с ы н а ;

2) Лондонның қымбат металдар рыногының қауымдастығында (London bullion market association) қабылданған халықаралық сапа стандарттарына сәйкес келетін және осы қауымдастықтың құжаттарында "Лондондық сапалы жеткізілім" ("London good delivery") стандарты ретінде белгіленген тазартылған қымбат м е т а л д а р ғ а ;

3) мынадай халықаралық қаржы ұйымдары эмиссиялаған бағалы қағаздарға:

Халықаралық Қайта құру және даму банкі;

Еуропа Қайта құру және даму банкі;

Америкааралық даму банкі;

Халықаралық есеп айырысу банкі;

А з и я      д а м у      б а н к і ;  
А ф р и к а      д а м у      б а н к і ;  
Х а л ы қ а р а л ы қ      қ а р ж ы      к о р п о р а ц и я с ы ;  
И с л а м      д а м у      б а н к і ;  
Е у р о п а      и н в е с т и ц и я л ы қ      б а н к і ;

4) кредиттік рейтингтің халықаралық шкаласы бойынша "BB"-дан ("Standard & Poor's" немесе "Fitch" рейтингтік агенттіктердің жіктемесі бойынша) немесе "Ba3"-тен ("Moody's Investors Service" рейтингтік агенттік жіктемесі бойынша) төмен емес шетел валютасында ұзақ мерзімді рейтингтік бағасы бар шетел мемлекеттерінің бағалы қағаздары мен қаржы агенттіктерінің агенттік облигацияларына ;

5) кредиттік рейтингтің халықаралық шкаласы бойынша "BB"-дан ("Standard & Poor's" немесе "Fitch" рейтингтік агенттіктердің жіктемесі бойынша) немесе "Ba3"-тен ("Moody's Investors Service" рейтингтік агенттік жіктемесі бойынша) төмен емес шетел валютасында ұзақ мерзімді рейтингтік бағасы бар резидент емес банктердегі салымдарға ;

6) кредиттік рейтингтің халықаралық шкаласы бойынша "BB"-дан ("Standard & Poor's" немесе "Fitch" рейтингтік агенттіктердің жіктемесі бойынша) немесе "Ba3"-тен ("Moody's Investors Service" рейтингтік агенттік жіктемесі бойынша) төмен емес шетел валютасында ұзақ мерзімді рейтингтік бағасы бар резидент еместердің вексельдеріне, борыштық бағалы қағаздарына ;

7) кредиттік рейтингтің халықаралық шкаласы бойынша "BB"-дан ("Standard & Poor's" немесе "Fitch" рейтингтік агенттіктердің жіктемесі бойынша) немесе "Ba3"-тен ("Moody's Investors Service" рейтингтік агенттік жіктемесі бойынша) төмен емес шетел валютасында ұзақ мерзімді рейтингтік бағасы бар сауда-саттықты ұйымдастырушылардың сауда жүйелерінде айналыста болатын акцияларға ;

8) кредиттік рейтингтің халықаралық шкаласы бойынша "BB"-дан ("Standard & Poor's" немесе "Fitch" рейтингтік агенттіктердің жіктемесі бойынша) немесе "Ba3"-тен ("Moody's Investors Service" рейтингтік агенттік жіктемесі бойынша) төмен емес шетел валютасында рейтингтік бағасы бар инвестициялық қорлардың қаржы құралдарына ;

9) базалық активі кредиттік рейтингтің халықаралық шкаласы бойынша "BB"-дан ("Standard & Poor's" немесе "Fitch" рейтингтік агенттіктердің жіктемесі бойынша) немесе "Ba3"-тен ("Moody's Investors Service" рейтингтік агенттік жіктемесі бойынша) төмен емес шетел валютасында ұзақ мерзімді рейтингтік бағасы бар эмитенттердің бағалы қағаздары болып табылатын депозитарлық қолхаттар ;

10) хеджирлеу мақсатында сатып алынатын кредиттік рейтингтің

халықаралық шкаласы бойынша "BB+"-тен ("Standard & Poor's" немесе "Fitch" рейтингтік агенттіктердің жіктемесі бойынша) немесе "Ba1"-ден ("Moody's Investors Service" рейтингтік агенттік жіктемесі бойынша) төмен емес шетел валютасында ұзақ мерзімді рейтингтік бағасы бар резидент еместердің туынды бағалы қағаздары .

4. Инвестициялық қордың басқарушы компаниясы Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде инвестициялық қордың активтерімен "РЕПО" және "кері РЕПО" операцияларын жүзеге асырады.

5. Осы Ереженің талаптары тәуекелді инвестициялаудың инвестициялық қордың активтеріне қатысты қолданылмайды.

Тәуекелді инвестициялаудың инвестициялық қордың активтері инвестициялана алатын Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі мүлік түрлерінің тізбесі инвестициялық қордың инвестициялық декларациясымен айқындалады .

6. Осы Ережеде реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен шешіледі.